



Ақтоғай ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 29 ақпандағы № 60 қаулысы . Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 1 наурызда № 7498-14 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3-бабының 7 - тармағына және 6-бабының 2-тармағына сәйкес, аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын пайдалану және жөндеуді қамтамасыз ету мақсатында Ақтоғай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтоғай ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері қосымшаға сәйкес бекітілсін .

2. Ақтоғай ауданы әкімдігінің "Ақтоғай ауданының аудандық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының тізімін бекіту туралы" 2015 жылғы 22 қазандағы № 271 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4805 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына міндеттелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтоғай ауданының әкімі

К. Арынов

КЕЛІСІЛДІ

"Павлодар облысының
жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдары"
мемлекеттік мекемесі

Павлодар облысы
Ақтоғай ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 29 ақпандағы
№ 60 қаулысына
қосымша

Ақтоғай ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 19.05.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Автомобиль жолының индексі	Автомобиль жолының атауы	Жалпы ұзындығы, километр
1	KS-AT-1	Ақтоғай-Харьковка-Қара бұзау	33,7
2	KS-AT-2	Разумовка-Басқамыс	51,691
3	KS-AT-3	Басқамыс-Қарақоға-Шұға -Жолболды	74,5
4	KS-AT-4	Жолболды-Шілікті	15,67
5	KS-AT-5	Барлыбай ауылына кірме жол	11,2
6	KS-AT-6	Харьковка ауылына кірме жол	2,3
7	KS-AT-7	Әуелбек ауылына кірме жол	1,9
8	KS-AT-8	Қараоба ауылына кірме жол	1,8
9	KS-AT-9	Мүткенов ауылына кірме жол	1
10	KS-AT-10	Ақтоғай ауылына кірме жол	2
11	KS-AT-11	Приреченск ауылына кірме жол	1,3
12	KS-AT-12	Қожамжар ауылына кірме жол	1,2
13	KS-AT-13	Өтес ауылына кірме жол	1,8
14	KS-AT-14	Қырыкүй ауылына кірме жол	3
15	KS-AT-15	Жалаулы ауылына кірме жол	0,9
16	KS-AT-16	Жолболды ауылына кірме жол	1,8
17	KS-AT-17	Ақжол ауылына кірме жол	1,3
18	KS-AT-18	Шолаксор ауылына кірме жол	2,0
19	KS-AT-19	Жоламан ауылына кірме жол	1,2
20	KS-AT-20	Исантерек ауылына кірме жол	0,7
21	KS-AT-21	Жамбыл ауылына кірме жол	0,4
22	KS-AT-22	Қараой ауылына кірме жол	1,7

23	KS-AT-23	Қайран ауылына кірме жол	0,640
24	KS-AT-24	Жанабет ауылына кірме жол	0,5
25	KS-AT-25	Жанатап ауылына кірме жол	1,0
26	KS-AT-26	Естай ауылына кірме жол	1,1
27	KS-AT-27	Әбжан ауылына кірме жол	0,570
28	KS-AT-28	Разумовка ауылына кірме жол	1,0
29	KS-AT-29	Басқамыс ауылына кірме жол	1,3
30	KS-AT-30	Жаңаауыл ауылына кірме жол	1,22
	Барлығы:		220,391